

Егемен Қазақстан

 **Egemen.kz**

Жангелді БИМОЛДИН, Астана қаласы мемлекеттік архивінің директоры: Мұрағаты түгел ел мұратына жетеді

– Жангелді Бержанұлы, бір ғұлама: «Өткен тарихты білмеген адам нәресте күйінде қалады» деген екен. «Архивсіз тарих жоқ, тарихсыз халық жоқ» деген қағида тағы бар. Бұл туралы сіздің пікіріңіз қандай?

– Өзінің туып-өскен жерінің тарихын жете тани білген адам елінің, жерінің қадір-қасиетін де бойына сіңіріп өсетіні сөзсіз. Өзім Ақмола облысының тумасы болғандықтан, қасиетті туған жерге деген перзенттік сүйіспеншіліктің белгісі ретінде «Қарақойын болысына қатысты кейбір архив деректері», «Қашырлы сыр-сандығы», «Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың ерлігі – архив құжаттарында» сияқты елеулі еңбектерді, «Шаһар шежіресі» альбомын оқырман назарына ұсынған жайымыз бар. Сонымен қатар архив жанынан 2021 жылдан бастап «Архив хабаршысы» ғылыми-көпшілік, ақпараттық-әдістемелік журналы шығып келеді. Алайда туған өлке тарихының түпкі түйткілдерін түгел тарқату қазақ тарихымен тұтасқанда ғана ұлттың жасампаздық рухы екі есе асқақтайтынын ескерсек, өңір тарихы туралы еңбектерді жалпы қазақ халқының тағдырымен сабақтастыра жүргізгенде ғана ісіміз нәтижелі болады. Әу баста осы салаға біржола ден қоюымның себебі де содан.

– Қарақойын-Қашырлы атауы еліміздегі тарихи көне мекендер қатарында көп ұшыраса бермейді. Жинақта бұл өңір туралы кейінгі ұрпақ біле жүруі тиіс қандай деректер бар?

– Жинақ XX ғасыр басында Ақмола облысы, Атбасар уезінің құрамында болған Қарақойын болысының 20-жылдардағы тарихын архив құжаттары негізінде баяндайды. Бұл – Астана қаласы мемлекеттік архивінде сақтаулы №241, 244, 250-қорларды зерттеу нәтижесінде Қарақойын тарихына қатысты тұңғыш рет жарық көрген толыққанды еңбек. Қарақойын деп отырғанымыз – Сарыарқа даласының берекелі, шүйгінді бір бөлігі, ал Қашырлы – жан-жағын қалқалап, осы өңірді бауырына құшып жатқан тау. Бұл туралы тарих ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Артықбаев егжей-тегжейлі өте жақсы жазды. «Жинаққа енген құжаттардың XX ғасыр басындағы, соның ішінде Ақмола, Атбасар өңірлері тарихын зерттеуге ден қойған тарихшылар үшін маңызы зор. Біздің тарихнамада, өкінішке қарай, бұл кезең толыққанды зерттелген жоқ. Бұл дәуірді белгілі бір дәрежеде Алаш кезеңі деуге болады. Себебі 1917 жылдың соңында құрылған Алашорда үкіметі және оның экономикалық, саяси бастамалары дәл осы кезеңде жұмыс істеп тұрды. Көпшілігі араб әрпімен төтеше жазылған құжаттар XX ғасырдың 20-жылдарына дейін Атбасар уезі құрамында болған Қарақойын болысының аласапыран замандағы тарихына арналған. Кейбір құжаттардың арасынан маңызды деректер көріп қаламыз. Мысалы, Кенесары заманында қазаққа белгілі болған атақты Аққошқар-Сайдалы ұрпақтарының бірі Сайдалыұлы Нұрхамиттың тәркіленуі» дей келіп, бұл жинақты тарихшыларға нақты мәлімет беретін дерек көзі деп бағалады.

- Архивтің қазіргі тыныс-тіршілігі туралы айтып беріңізші.
- Мұндағы жұмыс үш бағыт бойынша жүзеге асырылады. Біріншіден, қор ұдайы тың дерек, жаңа құжаттармен толықтырылып отырады. Екіншіден, құжаттарды заманауи талапқа сай дұрыс сақтай білудің өзі үлкен жауапкершілікті талап етеді десек, үшіншіден, тарихи мұраны пайдалану аясының жыл сайын кеңейе түсуі көңілге қуаныш сезімін ұялатады. Мұнда негізінен Астана қаласы аумағындағы барлық мекемелердің құжаттары сақталады. Жылына орта есеппен Қазақстан азаматтарының ғана емес, алыс және жақын шетелдерден шамамен 8 000-8 500 әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сауалдар келіп түседі. Басқалардан біздің архивтің тағы бір ерекшелігі, қала бұрыннан тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан жан-жақтан жұмыс істеуге келген адамдар көп болған. Олардың біразы кейін көшіп кетті. Сол себепті Франция, Германия, Ресей, Беларусь, Израиль сияқты т.б. шет мемлекеттерден құжат іздеп, сұраныс жасаушылар аз емес. Кей жағдайда қаланың тарихына қатысты құжаттарды іссапарларға шығу, көршілес елдердің қаласындағы архивтермен меморандум жасау арқылы алып жатамыз. Өйткені Ақмоланың орталығы 1830 жылға дейін Омбы қаласы болатын. Сол кезеңге дейінгі Ақмоланың тарихына қатысты құжаттардың барлығы әлі күнге дейін Омбы қаласы мұрағатында сақтаулы. Ресейдің заңы бойынша құжат түпнұсқасы басқа елге берілмейтіндіктен, тек электронды көшірмесін ғана аламыз. Бірақ бізде оны арнайы растайтын мөрі бар, яғни көшірме түпнұсқа есебінде саналады.
- Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері шетелдерден қанша тарихи құжаттың көшірмесі жеткізілді?
- Бізде қазір сырттан келген тарихи құжаттарға арналған арнайы қор бар. «Мәдени мұра» бағдарламасына орай мемлекеттік архив қызметкерлері шығармашылық іссапарлар барысында шетел архивтерінен Ақмола мен осы өңірдің тарихына, жалпы ел тарихына қатысты 500-ден астам құжаттың көшірмесін жеткізіпті. Бұл құжаттардың басым көпшілігі Омбы, Орынбор, Түмен мұрағаттарынан табылған. Архившілер 2003-2007, 2010 және 2013 жылдар аралығында 181 құжаттың көшірмесін (1755-1920 жылдар аралығын қамтитын) әкелген. Бұлардың ішінде мысалы, Ақмолаға 1870 жылы жұмсалатын қаржы кестесі, азық-түлік мәселесіне байланысты Абылай сұлтанның генерал-майор фон Фрауендорфқа жазған хаты, Әбілқайыр ханды марапаттау туралы Орынбор губернаторы И.Неплюевке жолданған Сенаттың жарлығы, Әбілқайыр хан мен Бопай ханымның губернатор К.Тевкелевке жазған хаты, Нұралы сұлтанды Кіші орданың ханы сайлауы туралы, Абылай ханның ант қабылдау туралы хаты, Абылай ханның өлімі мен Уәли сұлтанның Орта жүзге хан сайлануы туралы, Кенесары Қасымов бастаған көтерілісшілердің іс-әрекетін бақылау ісі, Ақмола, Орал, Торғай, Семей облыстарының құрылуы туралы Ішкі істер министрлігінің таныстырылымы, Ақмола облысының маршруттық кестесі, осы өңірдің шекаралары көрсетілген карталардың үзінділері

сияқты, т.б. көптеген тарихи құжаттар бар. Ал Татарстанның Ұлттық және Орталық мемлекеттік тарихи-саяси құжаттама мұрағаттарынан Жәңгір ханның университет кітапханасына үш кітапты сыйға тартуы туралы профессор Эрдманның пікірі, Ыбырай Алтынсариннің Н.Ильминскийге жазған хаты, 1914 жылы Санкт-Петербургте өткен мұсылмандар съезі, орыс әліпбиін шет тілдеріне қолдану туралы есептер, сондай-ақ Ресей Қорғаныс министрлігі орталық архиві мен Беларусь Ұлттық архивінен Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты тың мағлұматтар, Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин, Рахымжан Қошқарбаев, Сағадат Нұрмағамбетов сияқты белгілі тұлғалардың жеке құжаттары, партизандар қозғалысына қатысушы қазақстандықтар туралы деректер жеткізілген.

– Елорда архивіндегі қай құжатты ерекше құнды деп есептеуге болады?
– Мұрағаттағы кез келген құжат құнды саналады. Алайда солардың ішінен көп назарын аудартатын екі-үш құжатты айрықша атап өткім келеді. Соның бірі – Есіл өзені туралы дерек. Батыс Сібір әскери округінің инженерлік басқарма бастығы, полковник Фишер 1877 жылы 8 қыркүйекте әскери қолбасшыға жолдаған хаты негізінде генерал адъютант Казнаковтың өзен суының тасуынан төнетін қауіпті жағдайдан қорғау шараларын қабылдауға бұйрық бергені туралы деректер сақталған. Екіншісі – 1832 жылдың 22 тамызында өткен жиында Қоңырқұлжа Құдаймендиннің Ақмола округінің аға сұлтаны болып сайлануы туралы құжат. Бұл тұлға туралы әлі күнге дейін екіұдай пікірлер кездеседі. Әйтсе де тарихи деректерге сүйенсек, оның Ақмола тарихынан алар орнын ешкім жоққа шығара алмайды. Аға сұлтан кезінде императордың қабылдауында болып «Сібір қырғыздары Ресей әскер қатарына шақырылмаған және алдағы уақытта шақырылмайды» деген хатқа қол жеткізген еңбегін, халыққа басқа да жеңілдіктер жасауға барынша тер төккенін, 1830 жылы дәл осы жерді қазақ даласының орталығы болуға географиялық жағынан ыңғайлы һәм тиімді екенін белгілеп берген көрегендігін кейінгі ұрпақ ешқашан естен шығармауға тиіс. Үшіншісі, С.Сейфуллиннің қолы қойылған тарихи құжаттар да аса құнды мұралар санатына жатады.

– Құнды құжаттар қайда және қалай сақталады?

– Құжаттар бір қалыпты температурада, арнайы жасалған сөрелер мен ұяшықтарда сақталады. Әсіресе, қағаз түріндегі мұралар, фотосуреттер ерекше күтімді қажет етеді. Ылғалдылық режімі жоғары не төмен түсіп кетпеуі керек. Олай болмаған жағдайда бүлінеді. Мұнан бөлек құжаттарды қою мен ретімен орналастырудың өзіндік тәртібі қалыптасқан. Қазір құжаттар бұрынғыдай ашық-шашық күйінде жатпайды, орынды көп алмайтын заманауи жылжымалы сөрелерге қойылады. Қорды сақтауға қолайлы мұндай заманауи үлгілер материалдардың оңтайлы орналасуына және пайдалану кезінде барынша ыңғайлы болуына мүмкіндік береді. Бұл ретте қала әкімшілігі тарапынан көп қолдау көрсетіліп жатыр. Сонымен қатар ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2 қыркүйектегі халыққа Жолдауында:

«Қазақстан цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерін еселей түсуге тиіс. Қазақстан жасанды интелектіні кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуы тиіс» деген болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында архивте құжаттарды сандық форматқа көшіру ісі қарқынды жүргізілуде. Бүгінге дейін 298 047 парақтан тұратын 2 204 сақтау бірлігі цифрландырылды, 654 сақтау бірлігі индекстеліп, «ААЖ МАА» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жүктелді, ал 73 сақтау бірлігі RFID белгілерімен көрсетілді. Мұндағы мақсат жұртшылыққа құжаттарды қолжетімді ету болатын. Қордағы мұраларды біртіндеп сандық форматқа көшіру сол мақсаттың орындалуына көп септігін тигізуде. Бұл істі жеделдету мақсатында заманауи техникалар да алынды.

– Ғалымдар тарапынан тарихи құжаттарға сұраныс көп пе?

– Мемлекет тарихы институты, Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Астана қаласындағы Ұлттық мұрағат, басқа да зерттеу орталықтары мамандары, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тарихшылары бізге жиі бас сұғады. Өйткені ел астанасының тарихына қатысты дәйекті, айғақты құжаттардың дені тек біздің қорда ғана сақтаулы. Жыл сайын ғылыми еңбектерден кемінде бір жинақ шығаруға мүдделіміз. Сол кітапта ғалымдардың архив дереккөздеріне сүйенген зерттеулері көрсетіледі, яғни мұрағат қорындағы құжаттарға тіл бітіруде ғалымдармен мақсат-мүддеміз ортақ деуге толық негіз бар. Болашақ жас ғалымдарды даярлау мақсатында мектеп, колледж, университеттермен де бірлесе жұмыс істейміз.

– Алда тағы қандай тың жобалар әзірленіп жатыр?

– Келесі жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толады. Соған байланысты ақпараттық база құрып, майданда із-түзсіз жоғалғандардың, қаза тапқан жауынгерлер мен көзі тірі ардагерлердің толық тізімін іздестіру жұмыстарын қолға алып жатырмыз. Мұның ерекшелігі, бұл тек осы өңірге қатысты ғана құжаттар болады. Қазірдің өзінде көршілес Ресейдің архивтерімен келісімшарт жасалып, жеке қорлармен бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігі туып отыр. Мұның бір пайдасы, майдангер ата-бабаңыз туралы мәліметті үйде отырып-ақ сайттан іздеп таба аласыз. Тағы бір тың бағыт – көп қолданыста болғандықтан сарғайып, көмескі тарта бастаған, сапасы төмен құжаттарды қайта қалпына келтіруге көңіл бөлінеді. Олардың электронды нұсқасын әзірлеп, қағаздағы құжаттар арнайы жабдықталған сақтау жәшіктеріне көшіріледі. Цифрлық жүйе арқылы базаға енгізілген тарихи мұралар электронды түрде сақталады. Мұнан былай көне мұралар бұрынғыдай қолдан-қолға өтіп, зақымдалмайды. Өйткені түпнұсқаны көз қарашығындай сақтау архив үшін ең маңызды жұмыс саналады.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен –
Назерке ЖҰМАБАЙ